

Качир ауданында 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 69/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 наурызда № 5029 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес Качир ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Качир ауданында 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Шұғаев

Качир ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "16" наурыздағы
№ 69/2 қаулысына
қосымша

Качир ауданында 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінің атаулары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінің тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны	Мектепке дейінгі мекемелерде айына жан басына қаржыландырудың мөлшері, теңге	Мектепке дейінгі мекемелерде ата-ананың айына ақы төлеу мөлшері, теңге
1	2	3	4	5	6
	Качир ауданы әкімдігінің,	140 оның			

1	Качир ауданы білім бөлімінің "Балдаурен" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	ішінде: 5 0 республикалық бюджет) 90 (жергілікті бюджет)	(38005 37838	30965 30798	6 жасқа дейін – 7040 6 жасқа дейін – 7040
2	"Качир ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Тереңкөл ауылындағы "Ақ бота" балабақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	140 оның ішінде: 2 0 республикалық бюджет) 120 (жергілікті бюджет)	(34132 30762	28192 23722	3 жасқа дейін – 5940 6 жасқа дейін – 7040
3	"Качир ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Тереңкөл ауылы "Талбесік" бөбекжайы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	1 0 0 республикалық бюджет)	(34967	27927	6 жасқа дейін – 7040
4	"Песчан ауылдық округі әкімдігінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Песчан ауылындағы "Балдырған" бөбекханасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	127 оның ішінде: 2 1 республикалық бюджет) 106 (жергілікті бюджет)	(25613 40173	18270 34237	3 жасқа дейін – 5936 3-тен 6 жасқа дейін – 7343 3 жасқа дейін – 5936

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК